

Д.КЕНЖЕТАЙ

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМ ТАРИХЫНДА ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ОРНЫ

Автор делает обзор основных исторических периодов формирования и развития исламской философии в истории казахской науки. А так же выдвигает идею более глубокого изучения данной темы в дальнейшем.

Yazar Kazak ilmindeki İslam Felsefesinin gelişmesindeki esas dönemleri değerlendirir. Ayrıca yazar bu konunun derinden araştırılmasından bahsedilir

Ислам философиясы – жалқы және жалпы алғанда мұсылман ойшылдарының философиялық мұраларына берілген атау. Ислам философиясы философиялық ойлау жүйесі тұрғысынан басқа философиялармен ортақ. Басқа философиялардан тақырыбы мен әдістемелік жағынан да айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Дегенмен, әрбір философия, кеңістік пен уақыттың саяси, географиялық, діни, әлеуметтік ой-өрісінің ерекшеліктерін өз ішіне қамтитындықтан басқа философиялардан оқшаулануы тұратын өзіне тән табиғаты болады. Сол сияқты ислам философиясы ислам діні, мәдениеті шеңберінде, ислам жеріндегі, мұсылман ойшылдарының жасаған философиясын білдіреді. Бұл тіркесті бұрыс түсіндірушілер «ислам» сөзін дін, яғни, ислам дінімен тең деп ойлайды. Бұдан олар Құран мен Сүннетті философия деп қабылдайды. Бұл – түбірімен қате пікір. Ислам философиясы тіркесінен «ислам дінінің» философия екендігі мақсат етілмеуі тиіс. Әлбетте, ислам, дін ретінде философия емес, өйткені, дін адам ойының жемісі емес. Сондықтан ислам философиясы тіркесіндегі «ислам» сөзі «философия» сөзінің анықтамасы, яғни, бұл жерде ислам сөзі дінге емес, сол діннің қалыптастырған өркениет, мәдениетіне қатысты айтылып тұр. Мысалы, ал-Кифти, Ибн Али Усайбиа, Байхақи, Шахристани және т.б. алғашқы мұсылман ойшылдары, философияны анықтау үшін емес, философтарды таныту мақсатында «ал-фаласифат-ул-исламиуун» немесе «фаласифат-ул-ислам», яғни, «ислам философтары» мағынасында қолданған. Бұдан «мұсылмандардың философиясы» немесе «ислам философиясы» тіркесінің негізін білдіретінін аңғаруға болады. Сонымен ислам философиясына хикмет, калам, сопылық, фикх, риторика, мораль, этика, саясат, экономика, тарих және т.б. салаларында теориялық рациональды, объективті, логикалық және жүйелі ойлау қабілетіне ие ойшылдардың философиясын жатқызуға болады.

Ислам философиясының пайда болуына, қалыптасуына ықпал еткен екі негізгі арна бар. Біріншісі – Құран мен Сүннет. Құран Кәрім негізінен діни мәтін болып табылады. Бірақ діннің философияның барлық мәселелеріне қатысы бар. Дін де, философия да Алла, әлем, адамның рухы мен осылардың өзара қарым-қатынасын, жақсылық пен жамандық, таңдау еркіндігі мен ерік, өлімнен кейінгі өмірге байланысты мәселелерді қарастырады. Осы мәселелерді қарастырған кезде бұған қоса әлем, пшындық, болмыс пен олардың қасиеттері, адамның пайда болуы мен тағдыры, дұрыс пен бұрыс, уақыт пен кеңістік, қозғалыс пен тұрақтылық, өткініші өлім мен өмір секілді мәселелерді де анықтайды. Құран осы мәселелерге қатысты универсалдық пшындықтарды баяндайды. Құран мазмұны адамдарға түсінікті болу үшін оқиғаларды, теңеулерді, бейнелеулерді пайдаланады. Ол хикмет толы кітап (Жүніс, 1), оның кейбір бөлімдері төрелік айту аяттары болып табылады және діни қағидаларға негізделеді. Оларды бүге-шігесіне дейін түсіндіреді. Ал басқа бөлімдер болса аллегориялық (мутапабих) тұрғыдан талданатын мәселелерге байланысты. Алладан басқа ешкім құпия мағыналарды білмейтіндіктен, аллегориялық (мутапабих) аяттар туралы пікірталасу және мухкам (ашық) аяттарды назардан тыс қалдыру бос әурешілік (Али Имран, 7).

Екіншісі, ислам дінінің жайылуы негізінде өзара ықпалдасу арқылы енген басқа, бөтен ойлау жүйелеріне тән қалыптар: олар, ежелгі грек және эллиндік дәуір философиясы, сасандық иран философиясы.

Исламның енді ғана танылып келе жатқан алғашқы дәуірлерінде Арабия түбегі, исламды жаңадан қабылдаған басқа аймақтарға қарағанда мәдениет, білім мен ойлау дәрежесі жағынан айтарлықтай төмен болатын. Ол дәуірде Таяу Шығыс, Мысыр мен Солтүстік Африкада эллиндік мектептер кеңінен тараған-ды. Иранда сасандық, эллиндік және үнді мәдениеті өте бай болатын. Сондықтан мұсылмандар үшін әрбір басып алынған аймақты бір орталықтан басқару мәселесі күн өткен сайын арға берді. Халифаттың ішкі жағдайында шешуін ташпаған сансыз мәселелер бой көтерді. Мұсылмандардың ең алдымен медицина, астрономия және қаржы мәселелерінде қажеттіліктерін қанағаттандырулары шарт болды. Сол дәуірдің атақты дәрігерлері, жұлдызшылары мен есепшілерін діни мен тіліне қарамастан мұсылмандар сарайға шақыра бастады. Сарайда соғыс техникасын, химияны меңгерген білімдарлар қошемет көрді. Ғылымға үлкен мән берілді. Арнайы аударма орталықтары құрылды. Кифти, Сирия, грек тілдеріндегі кітаптар араб тіліне аударыла бастады. Аббаси халифаты тұсында «Даналық үйі» (Байт-ул Хикма) құрылды. Халифа Мансұр, Харун Рашид, Момын дәуірінде парсы, грек тілдерінен математика, медицина, астрономия, философияға қатысты еңбектер аударылды. Мысалы, Галеннің, Гишократтың медицинаға, Евклидтің геометрияға (элемент), Птолемейдің астрономияға (Алмагест) қатысты еңбектері, Аристотельдің «Органонь» араб тіліне аударылды.

Сонымен Аббасилер дәуірінде философияға қызығушылық артты. Бұған қоса, мұсылмандар арасында, әсіресе, Хз. Али мен Муавия арасындағы соғыстар нәтижесінде діни, саяси жіктер мен топтардың мәселені түсіндіруде каламдық, рационалдық қайшылықтар, жаулап алынған жергілікті христиандар мен мұсылмандар арасында Алланың табиғатына байланысты пікірталастар, «таухид пен триада» арасындағы табиғи сұхбатта жеңу үшін Аристотель логикасы мен грек философтарының пікірлеріне қажеттілік туды. Осылайша мұсылман ғалымдары мен билеушілері рационалды ғылымдарға, логикаға өте үлкен көңіл бөлді. Логикаға қатысты еңбектер кез келген тілден арабшаға аударылып жатты. Философия ислам әлемінде бірінші қажеттілік дәрежесіне көтеріліп, ислам философиясымен оның өкілдері маңызды орынға ие болды.

Ең алғашқы арабша аудармалар Аристотель мен Платонның еңбектерімен шектелді. (VIII-IX ғ.). Мұсылмандар Аристотель мен Платон еңбектерін өздерінің қажеттіліктеріне қарай таңдап аударды. Аристотельдің «Логикасы» каламшылардың діни пікірталастарында рационалдық, сендіру, көзін жеткізу методы ретінде қолданылды. Платонның исламның алғашқы жайылуы кезінде Таяу Шығыста өте маңызды орны бар еді. Платон философиясы мистикалық ерекшелігі, діндердің ортақ трансцендентальдығына сенімі мен құндылықтарына жақын, идеялар ұғымы, Алланың әлемнен тыс болуы сияқты ойлары жоғары саналатын-ды.

Сондықтан қазақстандық Ислам философиясының көрнекті өкілдері Фараби мен Иасауи философиясында, оның қалыбында Аристотель, Платон, жаңашлатоншыл, жаңааристотельшіл ағымдардың іздері мен сұлбалары кездеседі. Бұл мәндік жағынан емес, формалық қалып тұрғысынан ғана болатын.

Алғашқы исламдағы философия дәстүрлі шиа мен мутазила каламының үлгісінде және грек-эллиндік философияның синтезі арқылы басталды. Өкілдері Жабир Ибн Хайан (776 ө.), Киңди (886 ө.), ас-Сарахси (899 ө.) және Ибн Равенди (910 ө.). Осылайша, ислам философиясы тарихында VIII-IX ғ. ақиқатты арнайы әдістер мен дүниетаным арқылы іздеушілер тобы пайда болды. Осы дәуір философтары туралы Имам Ғазали былай дейді: «Алла тағаланың парасаты мен құты мені күмәнданудан арылтқасын, ақиқатты іздеушілердің төрт сыныққа бөлінгендігін байқадым: 1. Калам ғұламалары – бұлар ақыл, ой мен дәлел әдістерін қолданғандар; 2. Батинилер – ақиқатты «Саф киелі имамнан» үйренгендер; 3. Философтар – логика мен құжат иелері; 4. Суфилер – бұлар да Алланы ішкі көз, сыр, даналық арқылы танытындар. Ислам философиясы тарихы негізінен «Ғазалиге дейінгі» және «Ғазалиден кейінгі» дәуір деп екіге бөліп қарастырылады. Ал, «Ғазалиге дейінгі» дәуірді де «Қалыптасу» және «Даму» дәуірі деп екіге бөлуге болады.

Сонымен VIII-IX ғ. аралығы ислам философиясының қалыптасу дәуірі. Бұл дәуірде «заманшылдардың» (дахриуун) ақиқаты «заман мен материя». Олар үшін дін, пайғамбар, метафизика қажетсіз. Зындықтар үшін сыртқы сезім танудың ең маңызды құралы (хиссиуун). Рух пен Алланы жоққа шығарады (Мулхидтер). Өкілдері – Ибн Равенди (910 ө.). Бұған Фараби (Рауандидің пікіріне қарсы ой кітабы) «Китабу-р рад ала-р-Рауанди» деген еңбек жазған.

Табиғатшылдар – ақыретті, аян, пайғамбарлықты қабылдамайды. Сезім танымның негізі. Тәжірибе, жалқыдан жалпыға методын қолданады. Олар эмпиристер. Өкілі – Сарахси, Рази – деист еді. Ол «Барлық адамдар жаратылысынан тең. Пайғамбарлардың рухани және ақыл жағынан басқалардан артықшылығы жоқ. Соғыстардың шығуына діндер себеп болуда. Сондықтан дін, аян, пайғамбарлықтан құтылу шарт. Бұл жағынан алғанда Рази, Дидеро, Вольтер, Макс Мюллер, марксистердің идеялық атасы. Фараби «Разидің пікіріне қарсы ой кітабын» «Китабу-р рад ала-р Рауанди» жазған.

Ислам философиясының IX-XII ғ. даму дәуірі. Екі түрлі күмәндану мен пессимизм және метафизикалық философиялық ағым болды. Бірінші ағым өкілдері ақын-философтар – ал-Мутанабби (905-965); ал-Маарри (973-1058); Харири (1054-1122); Омар Хаям (1123 ө.). Метафизикалық философиялық ағым өкілі – Әл-Фараби, Ихуани Сафа, Ибн Мискауайх, Ибн Сина, әл-Ғазали.

«Ғазалиден кейінгі» дәуірде қалам (діни) философия дамыды. Бұл ағымның өкілдері – Насреддин Туси (1200-1273), Фахреддин Рази (1149-1190), Ижи (1355 ө.), Журжани (1340-1413), Бағдади (1076-1168); Сухраурди Шахабuddin (1153-1191) және т.б. Ислам философиясы тарихын зерттеушілер, әсіресе, Батыс білім адамдары ислам философиясында үш түрлі ағымның анықтамасын береді. Машшайуун, яғни, қазақ тілінде «жаяу жүрушілер» (перипатетиктер) немесе ислам аристотельшілдік ағымы. Бұл ағым өкілдері – Кинди, Фараби, Ибн Сина, Ибн Бажжа, Ибн Рушд. Бірақ, бұлардың ешқайсысы Аристотельші болған емес, ешқайсысы әрбір мәселеде оның жолын жалғастырып арнайы философиялық мектеп құрған да емес. Бұл батыстық зерттеушілердің сипаттамасы ғана. Фараби мен Ибн Синаның аристотельшіл болмағандығын Ибн Рушд өзінің «Тахафут-ут Тахафут» еңбегінде көрсеткен. Бұл атау негізінен Аристотель логикасын негізге алған философтарды көрсету үшін берілген.

Риуакийя – «Тірек, бағанада отыратындар» «Ривактан пыққан» мағынасында, ислам стоиктерін білдіреді. Исламдағы эпикуршыл, натуралист, материалистерге айтылады.

Ишракийя, яғни, күннің шығуы, жарықтың шапылуы мағынасына келеді. Бұл ағымды Шахабuddin Сухраурди ал-Мақтул (1153-1191) құрған. Өкілдері, Шахразури, Дауани (1501 ө.), Молла Садра (1640 ө.) Бұл жердегі Ғұлама Дауанидің Абайдың көзқарасына ықпалы күшті болды.

Енді, ислам философиясының негізгі ерекшеліктеріне келсек, ең бастысы мұсылман философтары ислам дінінің шеңберінде ой толғаған, Құран аяттары мен грек философиясы арасындағы ұқсас құбылыстарды таңдап бірлестіруге тырысқан. Ислам философиясы аяңды негізгі өлшем ретінде білген. Сондықтан ислам философиясы материалист немесе механикалық философия емес. Мысалы, Исламда жаратылыс түсінігі бар. Бұл діни түсінік. Барлық философияда Алла ұғымы бар. Грек философиясындағы Алла түсінігі мен ислам философиясындағы Алланың мәні, мазмұны жағынан тең емес. Мысалы, Аристотель бойынша Алла әлемнің ішінде, имманентті, материалдық қуат. Оның міндеті – материяға алғашқы қозғалысты беру. Ал Фарабиде, Алла материядан тыс, трансцендентальды болмыс. Алла материяға форма берумен шектелмейді, ол әрдайым жаратуда әрі жаратқандарымен тығыз байланысты. Бұл Фарабидің ислам діні өкілі екендігінен туындаған қалып.

Ислам философиясы дін (ислам), құқық (фикһ) және теориялық ғылымдармен тығыз байланысты қалыптасып, дамыды. Олардың құрамына жаратылыстану, медицина, математика, филология (грамматикадан бастап риторика мен поэтикаға дейін қамтитын тіл туралы білімдер жинағы), практикалық ғылымдар (этика, саясат) енеді. Ислам философиясының айрықша ерекшелігі – оның пікірталастық сипаты. Әуел бастан сұхбаттық философия дискурсына баруына, оның жалшыға бірдей міндетті қағидадан азаттығы түрткі болды. Идеология және таза ұйымдық шектеулердің жоқтығы көптеген бағыттардың пайда болуына мүмкіндік туғызды және діни философия ой-шікірдің еркін дамуына жол ашты. Христиандық діни ой-шікірден айырмашылығы, бұл бағыттарды сектанттық-еретиктік деп атауға болмайды. Ислам мемлекеттері мен олардың идеологиясының дамуы ислам қоғамында метафизика мәселелеріне қызығушылық туғызды. Бұл жағдай ислам философиясының дамуына жаңа дем берді. Мәселен, сенім мәселесін шешудегі пікір ерекшеліктерімен – Ислам философиясының харижиттер, муржиттер, мутазилиттер және т.б. ағымдар; Алланың мәні мен сипаттары мәселесін шешудегі танымдық әдістерімен – сопылар және т.б.; қоғамды құқықтық реттеу мәселелеріндегі мәдени, дүниетанымдық ерекшеліктері арқылы ханафиттер, ханбалиттер, шафииттер, маликиттер көзге түседі. Осындай ерекшеліктердің салдары VIII ғасырдың өзінде-ақ кем дегенде бес ағымның пайда болуына әкеп соқтырды (сунниттер, шииттер, хариджийалар, мутазилалар, муржиалар).

Ислам философиясы рационалды философия, яғни, адамдағы мидың, сананың сыртқы әлеммен қатынасын анықтайды. Екінші бір рационалдылық, ол, исламдағы «қалб» (жүрек), «фуад» (нұр) және «садр» (көкірек көз) сияқты Құран аяттарында кездесетін, сыртқы және ішкі әлеммен тең қатынас жасайтын адамның санасы мен сезімдеріне қоса, ішкі танымды қамтитын рухани жағы басым рационализм.

Ислам философиясы адамзаттың ойлау тарихында дара орны мен маңызға ие жүйе. Ислам философиясы, өзіндік ойлау жүйесі мен қалыбы, ұстанымы мен идеясы бар біртұтас таным. Фараби тұжырымындағы «болмыстың міндетті және мүмкін болмыс болып екіге бөлінуі» исламдық көзқарас теориясына негізделген. Міндеттіліктің логикалық және онтологиялық болып бөлінуі Газалиге тән. Декарт, Малбрани осы Газалидің теориясы негізінде философия жасаған.

Ислам философиясы грек философиясының көшірмесі деушілер бар. Олардың бұл пікірі түбірімен қате. Мысалы Фараби, Пифагор, Аристотель, Эпикур, Диоген, Филон еңбектеріне қарсы еңбектер жазған. Аристотельге Фараби сынап қараған. Мысалы, Фараби форманың пайда болуында, материя субстанциясын Алладан алады деу арқылы, универсалды сана мен Алланың екі бөлек нәрсе екендігін айтады. Міне, ислам философиясы өзінен бұрынғы философияны дамытқан. Сонымен қатар өте сақ, сыни көзбен қарауды негізгі ұстанымына айналдырған. Сондықтан ислам философиясы адамзат тарихында өзіне тән ерекшеліктері, даралығы, жасампаздығы бар болатын философия.

XIV ғ. жартысынан бастап ислам философиясының құлдырау кезеңі басталды. Себептері, XIII ғ. ислам әлеміндегі ішкі және сыртқы соғыстарға себеп болған саяси оқиғалар. Крест жорықтары, моңғол шапқыншылығы ислам әлемінің экономикалық, саяси, әлеуметтік құлдырауына әкеліп соқты. Аббаси мемлекетінің орнына бірнеше тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Батини ағымы, мазхабтық бөлінушілік, ислам ақида (сенім) негізіне шабуыл жасалды. Суфизмге дүшпандық артты, қағидашылдар үстемдігі басталды. Осылайша Салафилер ислам философиясының құлдырауын жылдамдатты. Мемлекет басшылары философия мен философтарға көңіл бөлмеді. Философтар қуғындалды, асылды. (Сухраурди, Ибн Руш, Араби). Философияға, білімге деген құштарлық жойылды. Бігіспес діни, секталық бөлінулер мен саяси, тақталастар, философияны қажет ететін практикалық ғылымның да кері кетуі, Салафилер саяси билікке ықпалдылығы, Газалидің философтарды сынауы, философияны жоққа шығару деп қабылдануы және т.б. осындай себептер ислам философиясының құлдырауына әкеліп соқты.

Ислам философиясы – ислам өркениетіне тән рухани және тәжірибелік дүниетаным жүйесі. Ислам өркениеті мен оның философиялық дәстүрлерінің қалыптасып, дамуына арабтармен қатар өзге де түрлі халықтар өз мәдениеті арқылы үлес қосты. Ислам философиясы мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранда тұжырымдалатын "дүниені қабылдау" аясында, ислам өркениетінің жалпы мазмұнын қалыптастырды.

Ислам өркениетінің тарихында XIX ғасырдың басы – XX ғасырдың ортасы – нарық қатынастарының дамуына, ұлттық буржуазияның қалыптасуына, ұлт-азаттық қозғалыстарға байланысты күрделі де қайшылыққа толы «реформалар» кезеңі. Ғасырлар бойы оқшаулықтан арылу

мен техногенді өркениет жетістіктеріне, дүниежүзілік мәдениетке қосылу процесі Ислам философиясында дәстүрлі қағидаларды жаңаша ой елегінен өткізу қажеттігін тудырды. Дәстүрлі философиялық ой-шікірдің іргесі шайқалып, зайырлы білімге, ғылым мен техникаға қызығушылық оянды. Бұл процесс Батыс идеяларының ықпалымен жүргізілді, сондықтан «Шығыс – Батыс» мәселесі бүкіл философияның мәселесі ішіндегі ең өзектісі болып саналады. Егер XIX ғасырдың басында Ислам философиясында дін мәселесі басты үстемдікке ие болса, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап конституционализм, парламентаризм, бостандық, ұлт, т.б. мәселелер қозғалды. XX ғасыр қарсаңында Ислам философиясы, әсіресе, Египет пен Сирияда, Еуропа философиясы ой мен мәдениетіне қызығушылықтың оянуынан, Батысты, отаршылдыққа қарсы күрес пен еуропалық өркениетті сынауға қарай ойысты. Әлеуметтік-саяси мәселелерді шешудегі реформалық көзқарас жаңа заманғы ислам философиясының айырықша белгісіне айналды. Басты назар қоғамға пайдалы тұлға ретінде адам мәселесіне, адамгершілік мәселесіне аударылды. Алайда, бұл Ислам философиясы дәстүрлі құндылықтарды мүлдем ұмытты деген сөз емес. Ол Батыстың философиялық идеяларын ислам өркениеті негіздері тұрғысынан, дәстүрлі ислам дүниетанымы тұрғысынан қарастырылды. Әлеуметтік-саяси және мәдени жағдайлардың өзгеруі барысында ынтымақтастық мәселесі жаңа деңгейге көтерілді. XX ғасырдың екінші жартысы ислам философиясының алдына мүлдем жаңа – демократиялық, философиялық теологиялық және әлеуметтік ойды нарықтық өзгерістер мен индивидуализм тұрғысынан дамыту мәселелерін қойды. Олар ең алдымен, әлеуметтік-саяси дамудың социализмнен де, капитализмнен де өзгеше «үшінші жолын» іздестірумен сипатталды. Соның негізінде «ислам мемлекеті», «ислам экономикасы» және т.б. тұжырымдамалар жасалынды. Батысқа қатысты екі жақты ұстаным қалыптасты: прогрессивті даму мақсатында Батыстың оңды жетістіктерін пайдалануға ұмтылыс арта отырып, сонымен бірге батыстық өмір салтына сенімсіздік көрсету, оны қабылдамау күшейе түсті. Саяси және әлеуметтік тұрғыдан алғанда, ислам дербестіктің, философиялық-этикалық тұрғыдан – рухани және адамгершілік құндылықтардың символы болып қала берді. Батыстық рационализм мен прагматизмді сынай отырып, Ислам философиясының өкілдері батыстың философиялық ой-шікірлеріне де жол беріп, әдістерін қолданды. XX ғасырдағы Ислам философиясының дамуы ұлттық егемендікке жету, ислам әлемі елдерінің экономика және саяси тәуелсіздігін нығайту үрдісін қалыптастырумен сипатталды. Бұл ислам өркениеті мен Ислам философиясының қарқынды дамуын білдіреді.

Ислам әлемінің рухани мәдениет саласындағы жетістіктері адамзат тарихында жоғары бағаланып және де ол жалпы әлемдік өркениет дамуында өз орнын иеленді. Мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранда бекітіліп көрсетілген ислам руханиатының кеңінен таралып әрі көпғасырлық даму

тарихынан бүгінде өз аясына әлемнің көптеген мемлекеттері мен аймақтарын қамтып отыр. Ислам құндылықтарын ұзақ тарихи мерзімде сіңірген, оның рухани ықпалын кеңістік арқылы кеңейткен Қазақстан да исламның дәстүрлі таралу аумағы болып табылады.

Қазіргі таңда, жаһандық процестердің етек алған тұсында, адам тағы ұмыт қалып барады. Осыған орай ислам философиясына оның әмбебаптық құндылықтық жүйесіне деген сұраныс пен ұмтылыс белең алып отыр. Исламның таңқаларлық өміршеңдігі мен мыңжылдықтағы рухани әлемге ықпалының өсе түсуінің себебі неде? Меніңше, ислам полицентризм мен демократиялылыққа негізделген қазіргі дәуірдің негізгі принциптеріне сай келеді. Ислам, Шығыс пен Батыстың, дін мен ғылымның конструктивті диалогына, әріптестігіне, бірлесе жұмыс істеуіне ашық, басқа діни сенімдер мен мәдениет феномендерімен рухани қарым-қатынас әрі мәдени-тарихи өзара ықпалдастық жасауға бейім. Исламға төзімсіздік пен фанатизм пиғылдары жат. Сол үшін де ол жер шарының түкпір-түкпіріндегі халықтарға жетіп, уақыттың кедергісіне қарамастан, әлі күнге дейін өзінің теологиялық концепцияларының бірегейлігі мен өзіндік болмысын сақтап, өз тұғырларын өзгерткен жоқ.

Исламның қазақ даласына енген алғашқы әрі одан кейінгі кезеңдерінде исламның дүниетанымдық көпқырлылығы, әсіресе адамгершілік мәселелері адамның күнделікті тіршілігінде ғана емес, Даланың ұлы ойшылдарының философиялық тұжырымдарында да көрініс тапты. Менің ойымша, исламның ерекше мәдени жетістігін және оның диалог пен түсіністікке икемділігін әлем мәдениетінің айнасы, атақты жерлес бабамыз, өз заманында ғылымға жан-жақты ойшылдығымен танылған Әбу Насыр Әл-Фараби; оның ізбасары, энциклопедиялық білімдар және де ғылым қақпасын ашқан Ибн Сина; Матуриди өзінің «тауил» теориясы арқылы Қазақстанға суфизмнің кең таралуына жол аңса, Халлаж мансұр бүкіл түркілердің осы таным арқылы ислам дінін қабылдауына әсер етті. Қазақ даласының пірі, данагөй, барша түркі елінің тәлімгері әрі ұстазы Қожа Ахмет Иасауи, ұлы ойшыл және әлем мәдениетінің данышпаны Абай мен оның ізбасары, ойшыл Шәкәрім пығармаларына жүгіну арқылы ашуға болады. Абайдың қара сөздерінің желісінде Иасауи мен Ғұлама Дауанидің пығармалары жатыр. Қазақстанда Ислам философиясының қалыптасуы мен дамуына түркі сопылығының ұлы өкілі Қожа Ахмет Иасауидің рухани қызметі үлкен әсер етті. Иасауиге дейін түркі тілінде нақыл-дидактикалық моральдық этикалық жүйелердің арнасын салған Баласағұн мен Иүгнеки бар. Иасауидің философиялық және қоғамдық ойды дамытудағы Иасауидің айрықша «дәрежесі» мен дүниетанымының ерекшелігі меніңше, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының топырағына Құдайлық таным сопылық-исламдық концепциясын әкелуі дер едік.

Енді Қазақстандағы ислам философиясы өкілдерінің ойлау жүйелері мен негізгі тұжырымдарына қысқаша тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Ислам философиясы үшін әлем философиясында «Екінші Ұстаз» атымен әйгілі болған, қазақ даласының перзенті – түркі-қышшақ тайпасынан шыққан Әл-Фараби идеяларының рөлі мен маңызы ерекше. Еуроцентристік бағыттағы көптеген деректер мен жарияланымдарда, әдетте, орта ғасырдағы ислам философтарының еңбегі олардың тек қана немесе көбіне гректер мұрасын жеткізуінде деп танылады. Бұл түбірімен қате пікір. Түбірі еуроцентристік тенденциялар. Орта ғасырдағы ислам философиясының, сосын ішінде Әл-Фарабидің де, жетістігін тек гректер мұрасын жеткізуден және ұғынудан көруге ұмтылатын зерттеушілер қателеседі. Классикалық кезеңдегі ислам философиясының жетістіктерін гректер мұрасын жеткізуден ғана емес, Пайғамбардан басталған өз дәуірін, оның тарихи тұрғыдан жаңа, рухани шындығын ұғынудан, адам өмірінің шынайы ақиқатын түсінуге ұмтылудан көрген жөн. Мұны философия тілінде жүзеге асыруға мүмкіндік берген әдіс – Платонның Аристотельдің және оның ізбасарларының ізденістеріндегі ойлар мен дәлелдер жүйесін түсіндірумен айқындалған. Сондықтан Әл-Фараби философиялық ізденістерінің осындай терең бағыттылығы оның көзқарасының тұтастығын белгіледі. Оның зерттеулері логика мен грамматиканы, поэтика мен музыканы, математика мен этиканы және т.б. ғылымдарды қамтыды. Оның бұл ғылыми пәндерге қосқан үлесіне айрықша ілтипат білдіре отырып, мекіңше, оның шығармашылық ізденісінің басты бағыты, оның философиясының жоғарғы мәні «Соңғы негіздері»: болмыс проблемаларын, өмірдің бақыты мен мәнін зерттеу, Мейірімділік, Сана, Сұлулық пен Махаббат принциптеріне сәйкес келетін қоғамды қалай құру керек деген сұраққа жауап іздеу деп тану қажет. Сол себепті, қоғамдық-саяси және адамгершілік мәселелермен көп айналысқан Әл-Фараби парасатты игілікті мемлекет құру туралы өзінің әлеуметтік-философиялық концепциясында адамның үйлесімділігі мен кіршіксіздігі, оның тәрбиелік, рухани жағынан тазару және бақытқа қол жеткізу тұжырымы, ақылшылдық, сана, адагершілдік, білім жеңісі және т.б. терең идеяларды қамтыды. Бұл идеялар Қазақстандағы философиялық және қоғамдық ойдың, Иасауи, Баласағұн, Иүгнеки, Хазини (Асан Қайғы), Ыбырай, Мұстафа Шоқай, Мағжан, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр және т.б. секілді алдыңғы қатарлы тұлғалардың, саясаткерлердің тек әлеуметтік-философиялық қана емес, практикалық қызметінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Әл-Фараби идеялары бүгінгі күнде де өмір сүріп, Қазақстанның нарықтық қатынастар жүйесіне көшіп жатқан тұсында және өзіндік даму жолын таңдау үстіндегі қазіргі күрделі кезеңде ерекше маңызға ие болуда.

Өтпелі кезеңнің рухани жағдайындағы өзгерістер Әл-Фараби мұрасы сияқты мәдени құбылыстың құндылығын терең түсінуге мұрша бермеді. Дүниетанымдық бағдар мен мақсаттардың өзгеруі, марксистік догмалар мен стереотиптерден бас тартқанымыз, ислам философиясы феноменін қайта қарауымызға жол ашты. Кеңестік кезеңде Әл-Фарабиді материалист, тіпті,

атеист етуге барынша тырысқанымызбен, ол исламдық мәдениет пен руханиаттың идеясын көрсетіп, дін мен ғылымның адамды Жаратушыға апаратын жол екендігін түсіндіріп кетті. Қазіргі өзгермелі әлемде, менің ойлауымша, ислам мәдениеті мен философиясының негіздерін терең теологиялық зерттеу, ислам дінінің рухани-құндылықтық потенциалын анықтау өте маңызды. Осылайша халықтардың рухани жаңдануы өзара түсіністік пен келісімді жоғары қоятын исламның принциптеріне зорлық-зомбылықтың жат екендігін дәлелдеуге болады.

Әл-Фарабидің мұрасы фундаменталды және метафизикалық проблемаларды қарастырады: Құдай мен әлем, адам және оның рухани потенциалы, субстанция мен оның атрибуттары, қозғалыс және тыныштық, уақыт және мәңгілік, т.б. Оның проблематикасында философия мен діннің, олардың қоғамдағы ролі, маңызы туралы проблемалар, қоғамды – философ па, әлде саяси қайраткер басқарғаны дұрыс па деген сауал төңірегіндегі зерттеулерінің маңызы ерекше. Теоретикалық танымдық тұрғыдан олар адамның әлемдегі шынайы мақсатын түсіну үшін аса қажетті білім, әдіс, жолын шешу мен ақиқатқа жету әдістерімен тығыз байланысты. Сонымен қатар оның мұрасында логикалық-гносеологиялық проблематиканың ерекше және үлкен орны бар. Ол логика заңына сәйкес ойлануды дұрыс, ал ойлау қызметінде логиканың заңдары мен ережелерін қолдануды адамның ақиқатты білімге жетуінің маңызды талаптарының бірі деп есептеп мән берген. Ол адам ақылының теориялық-танымдық ғана емес, әлеуметтік-саяси проблемаларды шешудегі ролі мен маңыздылығын өте жоғары бағалаған. Фараби адамдардың құдайлық таныммен және белсенді санамен жер бетінде бақыт орнатып, алауыздықтар мен соғыстарды жеңу үшін қайшылықты проблемаларды әділетті шешіп келісімге келе алатындығына сенімді болды. Парасатты ел (идеал мемлекет)ді сипаттап, оның мәнін ашып Әл-Фараби адамдардың бір-бірімен достық пен сыйластықта, әділеттілік пен тәртіпте бірге өмір сүруін көрсетті, бұл қазіргі қоғамдық дамуда да өте өзекті, өйткені адамзаттың әлі күнге дейін алауыздық пен әскери қақтығыстармен өмір сүріп жатқандығы өз маңыздылығын жоғалтпайды. Қауіпсіз өмір сүру мәдениетіне, бейбітшілікке, түсіністік пен ынтымақтастыққа ұмтылу Әл-Фараби философиясының бөлінбейтін бөлігі болған рухани дәстүріне берік сүйенуі қажет. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық мұрасын адамдық, әділеттілік пен шынайы бақыт идеялары ерекшелейді. Оның «парасатты ел» идеясы философиялық ойларының шыңы десек те болады. Барлық азаматтары мемлекет пен әр адамның қамы үшін – бақытқа жететін бір мақсатқа ұмтылатын мемлекет туралы ойы ортағасырлық исламға ғана емес, содан кейінгілердің де қоғамдық-философиялық және әлеуметтік ойларына үлкен ықпал жасады.

Қазіргі ұрпақты, әсіресе, Қазақстанның өскелең ұрпағын тәрбиелеуге, ғылым, мәдениет пен мәдени тәлім-тәрбие жұмысының дамуына тікелей

маңызы бар музыка теориясы, музыкалық өнер, риторика мен поэзия, эстетиканың көпқырлы проблемаларын ашатын Әл-Фарабидің көркемдік-эстетикалық көзқарастары қызғылықты «Музыка туралы үлкен кітабында» музыкалық үннен оның эстетикалық-теориялық принциптерін сипатталып, музыканың түрлі пласты мен музыкалық өнердің қырлары ашылады, музыканың тәрбиелік мәні, адам таланты проблемалары зерттеледі, музыкалық жанрлар мен музыкалық аспаптар қарастырылады.

Әл-Фарабидің эманация теориясы заттық әлемнің Жаратушыға бағыныштылығын көрсетуге мүмкіндік берді. Сондықтан әлем жүйесінде заттардың, объектілердің бір-бірімен шартты байланыстылығы ғана билік құрды, себебі олардың бір-біріне бағыныштылығы және байланыстылығы Құдайға бағыныштылықтан туындаған. Мұндай ұғымдағы әлемнің тұтастығы тұжырымын философия тұрғысынан жеткізуге суфизм философиясы мүмкіндік берді. Сондықтан да ол, меніңше, Әл-Фараби жүйесіне теориялық құралдан тыс түсіндіру әрекеттері дәлелсіз. Құдай біреу және ол жаратқан заттарды аллегориялық, символикалық ұғымдар көмегімен, логикалық дәлелденетін шындық арқылы жеткізуге және ұғынуға болады. Алайда, Әл-Фарабиге жүгінсек, Құдайды символ арқылы ұғындыру философиядағы дәлелдер жүйесімен түсіндіруге болатын оның мәнімен барабар болмайды.

Практикалық тұрғыда Әл-Фараби үшін мемлекетте құдайлық реттілікті орнату маңызды болып табылады. Ойшыл мұндай жауашкершілікті парасатты басшы-философқа жүктейді. «Бақытқа жету туралы» трактатында Әл-Фарабидің парасатты билеушісі, «философ», «бірінші басшы», «заң шығарушы» және «имам» ұғымдары арқылы берілген Хз. Мұхаммед пайғамбардың тұлғасы болатын. Демек, Әл-Фараби пікірінше, парасатты билеуші – билеушінің де, имамның да идеалы болып табылатын Мұхаммедтей, өз азаматтарының адамгершілік, рухани жайын ойлап, қам жейтін билеуші болуға тиіс.

Қазақстанның бүгінгі күндегі тәуелсіз дамуы адамның танымдық мәдениетке басым көңіл бөлуі, ғылыми білімді марапаттауы – адам дамуының айтарлықтай маңызды, бірақ жалғыз ғана қыры емес екендігін көрсетті. Бұған қоса, ең алдымен адамгершілік және рухани қасиеттерді қамтитын адам дамуының басқа маңызды қырлары қосылмаған жағдайда, ол тәрбиедегі кемшіліктерге әкеледі. Адамның жиынтық мәдениетінің әрбір қырын саналы түрде елемеген, философия мазмұндық жағынан жүдеді, себебі, оның зерттеулері басым көпшілігінде дербес, жеке адамдық мәнінен айырылып қалған болатын. Сондықтан Әл-Фараби философиясы бүгінгі күнде өзекті, маңызды тарихи-философиялық жетістік бола отырып, идеологияға бағынған, догмаланған бұрынғы кеңес философиясының орнын толтыра алады.

Мәдениеттің рухсыз тіршілік ете алмайтындығы сияқты, қоғам да мәдениетсіз, тарихсыз, яғни рухани ұстындарсыз өз болмысы мен дамуын баянды ете алмайды. Ал ұлттың рухани жаңғыруы оның төл мәдени-рухани арналарымен үндестігіне байланысты екендігін тарих тәжірибесі айқындап отыр. Сондай рухани бастау болып табылатын қазақстандағы ислам философиясы тарихындағы Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы қазақ мәдениеті мен адам әлемінің ділдік түлеу құбылысы тұрғысынан маңызды орынға ие болып отыр.

Бүгінгі таңда Иасауи ілімінің мәнін, маңызы мен ерекшелігін анықтау – тарихымыздың өткені мен бүгінгі арасындағы рухани арналар сабақтастығын қалшына келтіруге ықпал етеді. Сондықтан да тәуелсіз Қазақстан үшін Иасауи ілімі – дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам өркениеті арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз еткен сара жол болуымен қатар, бүгінгі заманға сай социо-психологиялық, феноменологиялық ойлау жүйесі мен нақты тұжырымдамаларға бай, адамды жаңа мән-мағынамен сомдайтын және рухани азық беретін ілім ретінде ұлттық болмыстық тұғырымызды танудың негізіне айналып отыр.

Біріншіден, Иасауи дүниетанымы адамды ішкі еркіндікке жетелейтін ар түзейтін ілім. Ал бүгінгі ашық және демократиялық қоғам құру жолындағы Қазақстан өз тәуелсіздігі мен еркіндігін баянды ету үшін, ең алдымен, еркін ойлайтын адамдарға зәру. Еркіндікті баянды ету мәселесі саяси шарттардан бұрын рухани ар-ождан құбылысына тікелей қатысты. Сондықтан да бүгінгі тәуелсіз Қазақстан қоғамы мен адамы үшін мәдениетіміздің рухани бастауы, ұлттық діліміздің мәнін анықтайтын ар түзейтін Иасауи ілімі өзіндік болмысы мен зәрулігін көрсетуде. Бұл туралы елбасы Н.Ә.Назарбаев: “...Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақыт құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр”, – деп, мемлекеттіліктің тұғыры етіш мәдениетті, ал мәдениеттің бастауы ретінде ділді, даналықты көрсетіп отыр.

Екіншіден, Иасауи ілімінің қалыптасу кезеңі мен өмір сүрген уақыты түркі халықтары үшін тарихи өтпелі кезең болуымен де маңызды. Сондай өтпелі кезеңде көрсеткен жолы мен әдісі тұрғысынан Иасауи мұрасын зергтеу – бүгінгі жаңа сипаттағы құндылықтар қоғамын құрып жатқан Қазақстанның болашаққа нық қадам басуы үшін өзінің мәдени, тарихи, дүниетанымдық және рухани-әлеуметтік тұғырларын анықтауында да маңызды болып отыр.

Үшіншіден, Иасауи ілімі – қоғамдық-әлеуметтік ынтымақ пен бірлікке ұйытқы болатын даналықтың (хикметтің) кені. Яғни, оның ілімі адамдар арасындағы өзара тең сұхбаттың, бауырластықтың, махаббаттың діни-рухани ұстанымдарын қамтитын біртұтас тұжырымдамалар жүйесі болып табылады. Қазақстандағы негізгі мұсылмандық пен христиандық сияқты екі дін өкілдері

арасындағы төзімділік пен кеңпейілділіктің кілті де Құдайлық ақиқатты пап ететін осы Иасауи ілімінде жатыр.

Төртіншіден, Иасауи ілімі – моральдық-практикалық маңызы тұрғысынан бүгін ғылым мен технология, ақпарат дәуірінде отырып, өзінің ішкі әлемінен хабарсыз қалған, имандылық пен арды ойлай алмай, жашпай нәсіқұмарлық жайлаған қоғамның әлеуметтік індетінің емі екендігі даусыз. Міне, осы мәселелерде өзімізге жаңапа сын көзбен қарау тұрғысынан Иасауи ілімін зерттеу әрі тану – уақыт талабы, ар-ожданьмыздың үні болып отыр.

Қожа Ахмет Иасауи сияқты ұлы бабамыздың, оның ғасырлар бойы ұлттық дүниетанымымызға тұрақты негіз болған даналық хикметтері туралы айтпас бұрын, қазіргі иасауитанушылар алдында тұрған бірқатар сұрақтарға тоқталып өткен жөн сияқты.

Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымын, тарихи-мәдени және рухани контекстен тыс бөлек алып қарауға болмайды. Ол түркі мәдениетінде туған тарихи тұлға ғана емес, сонымен бірге, ол өзінен алдыңғы ойшылардың идеясын сіңіріп, өзінен кейінгі ойшылдар ұрпағының көзқарасын қалыптастыруда үлкен ықпал етті. Ал қазіргі иасауитанушылар түркі әлемінде өшпестей із қалдырған ұлы ойшылдың шығармашылығын зерттегенде, оны XII ғасырдан бастап алдыңғы ойшылдар Әбу Насыр Әл-Фараби мен Әбу Әли Ибн Синаның көзқарастары мен ілімдерін жекелей оқшау қарастырғанда, олармен өзара байланыстары болмағандай әсер қалдырады. Оның үстіне, біз әлі күнге дейін, Иасауиді замандастары Жүсіп Баласағұни мен Махмуд Қашқаримен байланыстыратын жіпті іздеуге тырыспадық. Ал Иасауи хикметтерінің қазақ ақындары – Асан Қайғыдан бастап Абайға дейінгі ұрпақтың дүниетанымының қалыптастырудағы рөлі туралы тақырып мүлдем тың мәселе. Әл-Фараби, Ибн Сина, Жүсіп Баласағұн мен Махмуд Қашқаридің сопылықтың белсенді өкілі болғандығын несіне жасырамыз.

Ахмет Иасауи идеяларының қазақ ақындары Асан Қайғыдан Абайға дейінгілердің шығармашылығына, қазақ философиясы мен қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарына ықпалы анық көрініп тұрғандықтан, бұл ескі ақиқат. Басқаларды айтпағанда, Шортанбайдың өлеңдерін еске алайық, ол XIX ғасырда суфизмнің жолын жүргізуді қасиетті парыз санап, қазақ әдебиетіндегі Иасауи дәстүрінің тікелей жалғастырушысы болды. Абайдың 38-қара сөзінде ертедегі ислам философиясы мен суфизм дүниетанымына салыстырмалы терең талдау жасалып, суфизм даналығының сырын ашып, қарапайым елді жалған еліктеушіліктен, сыртқы фанаттық табынушылықтан сақтандырды.

Демек, Қожа Ахмет Иасауидің рухани мұрасын жекелей зерттемей, үзіліссіз социомәдени дамудың процесіндегі бүкіл түркі өркениетінің комплексінде қарастыру керек. Қазіргі зерттеушілер Қожа Ахмет Иасауиді айдаладағы жалғыз құрма ағашына теңемей, оны қазақ ойшылдары –

Қорқыттан Абайға дейінгі қалың ойшылдар қатарына қосып, оның көзқарасының ерекшеліктерін дәл таныту тиіс.

Қожа Ахмет Иасауи – адамзат өркениетіндегі ұлы ойшылдардың қатарында айрықша орны бар дана. Сондықтан біз өзіміз алдымен оның жарқын жүзін танып, содан кейін әлем өркениеті тарихындағы орнын беруіміз керек. Бұл әсіре қызыл сөз емес.

Әлем өркениетінің тарихын жазу құқығын өз қолдарына алса да, европалықтар, адамзат дамуының жаңа эрасынан бастап, Шығыс Ренессансын айналып өтпейді. Айналып өте алмауына себеп, қазіргі батыс өркениетінің іргетасы шығыс ойшылдарының еңбектерінде қаланғаны болып отыр. Бірақ көпқасырлық евроцентристік көзқарастың мұзы әлі еріген жоқ. Бұған біз де кінәліміз, өйткені дәстүрлі өз мәдениетіміз дүниетанымының жан-жақтылығы мен өркениеттік тамырдың тереңдігін асықпай, анықтап өзіміз аршығаннан гөрі, Батыстың дайын теоретішін қабылдағанды дұрыс көреміз. Нәтижесінде, Иасауиден бұрын Шопенгауэрді, Асанқайғыдан бұрын Томас Морды оқимыз. Бүгін идеологиялық догмалардың модасы өтсе де, ой еркіндігінің не екенін сезіне алмайтын кейбір зиялыларымыз, оның ішінде жастар да, Артур Шопенгауэр мен Фридрих Ницшеге, Николай Бердяев пен Жан-Пол Сартрға мәселенің мәнін түсінбестен ықыласпен жүгінеді. Батыс ойшылдарына бұлай көзсіз еліктеушілік жасандылықтан басқа ештеңе әкелмейді. Егер де олардың мұрасын өздерінің дәстүрлі мәдени дүниетанымының арнасында өз түсініктерімен бірге игерсек, әлемдік өркениетке еркін енеміз. Бұған баса мән беруіміздің себебі, жоғарыда аталған ойшылдар – Шопенгауэр, Бердяев, Яперс те өз идеяларын Шығыстан, оның ішінде суфизм ілімінен алғандарын ашық жазған. Көріп отырсыздар, кейінгі батыс ағымының алдында аңғырттықтан сиынғаннан бұрын өзіміздің дәстүрлі дүниетанымымызды, сонымен қатар Қожа Ахмет Иасауи сияқты ұлы ойшылдың рухани мұрасын саналы түрде қабылдамаймыз ба?

Осымен қатар, өміріміздегі тағы өзекті мәселені үндемей айналып өтуге болмас. Қазір көптеген түрлі секталар шықты. Сондықтан да, жастардың арасында ата-бабаларының тура жолынан тайып өзге діни сенімдердің ықпалына түсіп жатқандары бар. Бұған кім кінәлі? Балаларын еркіне жіберген ата-аналар ма? Әлде жастардың жанына жол таба алмаған дін басыларымыз ба? Мүмкін, бұндай маңызды мәселеде қатаң конфессиялық саясатты жүргізе алмай отырған мемлекет пе кінәлі? Меніңше, кінәнің көбін біздің мойнымызға, яғни, әлеуметтік және гуманитарлық ғылым өкілдері жастардың санасына бай дәстүрлі дүниетанымымызды жеткізе алмағанымыз үшін алуымыз керек.

Біз ұлттық идеологияға сай жастарды тәрбиелеуіміз керек. Бірақ, оны қалай жүзеге асырамыз? Алдымен, тарихи сабақтастық пен түсіністікті қалыптастыру арқылы. Ең дұрыс жолы –бұрынғы кеңестік кезеңде тиым салынған ұлы ойшыл Қожа Ахмет Иасауидің, Фарабидің, Дауанидің мұрасын

тарату, таныту. Сонда жастар адам туралы іліміндегі ақиқатқа жетуге талшынысымен, оның адамгершілік, толеранттылық, өнегелілік адалдық, кісілік сияқты идеяларымен салыстырғанда, «Кришна» сияқты бауырластықтың құны жоқ.

Қазақтың көрнекті ақындары Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұқар жырау шығармашылығында Иасауидің ілімі мен мұраттары өз жалғасын ташты, бұған қоса оның әсері арқасында қазақ халқының бай ауызпа поэзия мұрасында «Дариға қыз», «Зарқұм», «Мұхаммед Қанафия» және т.б. поэмалар, дастандар, аңыздар енген діни-адамгершілік жанр туды және дамыды. Содан қазақ поэзиясындағы сопылық үрдіс басымырақ болды. Сопылық Шығыстың классикалық поэзиясына да үлкен әсерін тигізді. Фердоусидің, Низамидің, Саадидің, Науаидің және басқалардың көптеген поэзиялық шығармаларында сопылық желідегі мұраттар мен тақырыптарды байқауға болады. Қазақ халқының кемеңгері – Абай дүниетанымының қалыптасуында, рухани әлемінің дамуында осылар маңызды рөл атқарды.

Қазақ философиясы тарихында Абай мұрасы көпқырлы және мазмұндық сипаты жағынан көп мәнді. Әрбір ұрпақтың әр кезде оның жаңа қырын танып, оны жаңаша оқып, ұғынатыны осыған куә бола алады. Абайдың өзі жазғандай, «Адамның ғылымы, білімі ақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтығу». Міне, сондықтан да Абай мұрасы таусылмас түпсіз, әрқашан маңызды, ол – шабыттың мәңгілік қайнар көзі. Абай көзқарасындағы Шығыстың жетекші рөлін мүлдем жоққа шығарудан бастап оны мойындау секілді Абайға Шығыстың тигізген әсері туралы әр түрлі пікірде бола отырып, Абай философиясының дүниетанымдық мәселелерін ислам философиясы проблематикасы арқылы қарау – әзірге бүгінгі күннің шешілмеген мәселесі екенін атап өткен жөн.

Ислам философиясы идеяларын Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармашылығында жалғастырып, одан әрі дамытты. «Мен үшін әрқашан үлгі болған Абайдан кейін, – деп жазды ол, мен адамшылық, тазалық және адалдық жолын жағыз жол ретінде қабылдадым». Бұл жол оны «адам өмірінің мәні, сана көзімен көруге» болатын ақиқатты іздеу жөніндегі ойларға әкелді, себебі, Шәкәрім айтқандай, біздің ақылымыз болмыс себептерін ұғынбай тұра алмайды.

Шәкәрім үшін ақиқат іздеу – дүниетанымдық позиция таңдап алумен тең. Жол таңдауды Шәкәрім Жаратушыны және жанның мәңгілік өмірін мойындау жолында, немесе Құдайдың қатысуынсыз және денемен бірге жанның өлуінсіз-ақ дүниедегінің бәрі өздігінен пайда болады деп көрсететін жолда шешілеті мәселе ретінде қарады.

Шәкәрім жақсы меңгерген және өзінің «Үш анығында» көрсетіп берген философиялық зерттеу методологиясы ислам философиясын зерттеушілердің назарын аудартады. «Ақиқат жол» табу мәселесін белгілі методологиялық принциптерден бастайтын оның шығармашылығы қазіргі уақыттағы

танымдағы қарама-қарсы позициялардың өзара ара-қатынасынан туындайтын өзінің рухани шабытының күшін көрсетеді, әр түрлі пікірлер мен көзқарастар үнемі өзара қақтығысып, бір-бірін теріске шығарып, бәсекеге түсіп, бір-бірін толықтырып және тереңдетіп отырады – жалшы алғанда Шәкәрімнің позициясын одан әрі дамытады. Оның ойлау жүйесі тұрғанымен сұхбат іспеттес. «Үш анық» – «иә» мен «жоқтың» үнемі қақтығысы.

Міне, осы ойшылдар арқылы біз Қазақстанда ислам философиясының қалыптасу мен дамуының негізгі кезеңдерін қысқаша шолып өттік. Қорыта келе, ислам философиясы дамуының мұнымен аяқталмайтынын атап өткен жөн, қайта оны тереңірек зерттеу процесі енді басталды деген дұрыс болар. «Зар-заман» кезеңінің ақындары да біздің назарымыздан тыс қалды. Алайда, бұл олардың идеялары мен дүниетанымы қазіргі замандағы философия үшін құнды емес дегенді білдірмейді. Бұл – ерекше зерттеуді және жеке әңгімені талап ететін болашақ жүйелі зерттеулердің жаңа да үлкен бағыты. Қазақстандағы ислам философиясы жөніндегі зерттеу өзінің бастапқы кезеңінде тұр.

“Мәдени мұра” бағдарламасының аясында ұлттық, мәдени және тарихи құндылықтар жүйесінің негізгі ұстанымдары мен қайнаркөздері болып табылатын дүниетанымдық, философиялық ойлау ерекшелігімізді айқындайтын қабаттардың табиғаты мен мәнін өскелең ұрпаққа мирас етіп қалдыру мәселесі егеменді еліміздің талабы мен міндетіне айналғаны баршаға аян.

Осы ауқымды дүниенің негізгі өзегі болып табылатын қазақ мәдениеті мен дүниетанымына өзіндік болмыс дарытқан ислам өркениеті мен философиясының орны ерекше. Исламды өркениет ретінде, дін, философия жалшы, өмір сүру формасы ретінде ғылыми тұжырымдамалар арқылы қайта тану, үйрену және таныту мәселесі әсіресе бүгінгі күні жаһандану процесі арқылы жаңа кезеңге көтеріліп отыр.

REZUME

D.KENZHETAI (Turkistan)

PLACE OF ISLAMIC PHILOSOPHERS IN THE HISTORY OF THE KAZAKH SCIENCE

The author makes a brief overview of the major historical periods of the formation and development of Islamic philosophy in the history of the Kazakh science. And also promotes the idea of a deeper study of this topic in the future.